



Семантик

а

Орындаған:
Жарбосина.М.Н
Тексерген: Иісова.Э



ЖОСПАР:

1. Семантикалық өріс. Тақырыптық топ.
Лексика-семантикалық топ
2. Сема және оның түрлері
3. Мағына және оның түрлері.

Семантикалық өріс ғалым А.Салқынбай бойынша:

Семантикалық өріс – бір мағына мен мазмұнның аясына топтасатын, болмыстың жақын, ұқсас, мәндес қасиеттері мен қызметін көрсететін тілдік бірліктердің жиынтығы. Семантикалық өріс теориясын жалпы тіл білімінде алғаш ұсынған ғалымдар – Й. Трир, Г.Ипсен. Семантикалық өрістің құрамына енетін сөздерді мағыналық жақындық біріктіреді.

Сөздердің өзексемаларының ортақтығы, жақындығы семантикалық өріске енудің басты шарты. Мысалы: ойлау етістіктері – ойла, ойлан, ойлат, ойлатқыз, ойлант, ойға бату, қиялдау, армандау, еске алу, мұңаю, сағыну т.б. Семантикалық өріс ұғымы кең. Көп жағдайда бұл терімсөз лексика-семантикалық топ пен тақырыптық топ деген терімсөздермен бірдей, шектес қоданыла береді. Семантикалық өрістің басты ерекшелігінің бірі – оған енетін сөздердің мағыналары жағынан бір-бірінің жалпы мазмұнын айқындайды, бірін-бірі толықтырып тұрады.


Баспасөз



1. Редактор, Әдеби редактор, Көркемдік редактор, техникалық редактор, редакция алқасы, баспасөз хатшысы, басылым, баспасөз маслихаты, таралым, очерк, эссе, сұхбат, корректор, альманах, газет, журнал, баспасөз хабарламасы, бюллетень, маркетинг маманы, баспасөз жанрлары, репортаж, коммутатор, өндіріс бөлімінің маманы, рецензия, фельетон, памфлет, Қызмет көрсету бөлімі, баспасөз бостандығы, публицистика, мақала, репортаж, есеп, интервью

Лексика-семантикалық топ -

лексикалық жүйенің парадигмалық қатынасына негізделеді оған енетін лексемалар өзіндік дербес атаулық мағынасы бар, белгілі бір қызмет атқаратын тұлғалар болады. Лексика- семантикалық топқа енетін сөздердің мағынасы бір-біріне жақын, жуық, бәріне ортақ сема болатындығымен анықталады



• **Сөйлеу әрекетіне байланысты сөздердің ЛСТ:**
айту, сөйлеу, жеткізу, сұрау, жалтару, жауап беру,
баяндау, әңгімелеу, күбірлеу, дауыс ету т.б.

• **Хабарлауға байланысты сөздердің ЛСТ:**
хабарлау, хабардар ету, құлақ қағыс ету, аузы
бару., дәлелдеу, жар салу, жариялау т.б

• **Сөйлеуге қатысты сөздердің ЛСТ:**

- жиналыс, мәжіліс, айтысу, ақылдасу, әзілдесу,
сырласу, сөйлесу, мылжыңдау, уәделесу т.б.

Тақырыптық топ

Тақырыптық топқа енетін лексемалар болмыстағы заттар мен құбылыстардың өзін таңбалайды, сондықтан олардың арасында ұғымдық және мағыналық жақындықтың болуы шарт емес. ТТ-қа енетін сөздер бір-бірімен мағыналық жағынан байланысты болмайды. ТТ-ға енетін лексемалар саны ЛСТ-мен салыстырғанда әлдеқайда көп болуы, бір ғана ТТ-ның ішінде бірнеше ЛСТ болуы да ықтимал. ТТ-ға енетін лексемалар құрамдық, құрылымдық, мағыналық жағынан әр алуан болып келе береді, сөздердің лексикалық мағынасының жақындығына негізделмейді, тек заттар мен құбылыстардың танымдық жақындығына сәйкестендіріледі.

Сема және оның түрлері

Сөздің тұлғалық көрінінісі – лексема; мазмұндық сипаты – семема. Семема- сөздің ішкі мағынасы мен мәнінің жиынтығы. Семема – бірнеше кіші семаларға ажырайды. Семема лебiздiк деңгейде көрiнiс табады да, сема лингвистикалық талдау барысында анықталады. Семалар семантикалық жүйенің бiрлiктерi саналады да, мағынаның микрокомпоненттерiн құрайды:



Архисема – түбірдің бастапқы негізгі семасы.

Ортақ сема – түбірлес сөздердің тектестігін айқындайтын, сөздің мағыналық бірлігін көрсететін сема.


Өзек сема – сөз мағынасының негізін құраушы сема.

Айырушы сема – семантикалық өрістегі сөздердің өзіндік ерекшеліктерін анықтайды.


Ерекше сема – зат пен құбылыстың ерекше белгілері арқылы орнығаиын сөздің ерекше мағынасын көрсетеді.

Мағына және оның түрлері (А. Салқынбай бойынша)

Сөздің атауыштық
мағынасы



Уәжді мағына типі



Синтагматикалық
мағына типі

- **Сөздің атауыштық мағынасы** Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаевтың пайымдауынша, «сөздердің шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға, олардың белгілеріне қатыстылығымен байланысты пайда болған.» атауыштық мағына екіге бөлінеді: тура мағына және ауыспалы мағына.
- **Тура мағыналы** сөз шындық болмысты нақты бейнелеп, қазіргі тіл жағдайында негізгі атау ретінде алынады.
- **Ауыспалы мағыналы** – негізгі мағына арқылы жасалған екіншілік мағына, қызметтік ассоциациялық байланысқа негізделген семантикалық туынды мағына.

- **Уәжді мағына** – уәжделу процесінің нәтижесінде жасалатын атау мағынасының уәжделетін сөз мағынасына негізделуі. Ол іштей екіге бөлінеді: уәжді, уәжсіз.

Уәжді мағына түбір сөздің мағынасы арқылы негізделген туынды екіншілік мағына.



Қазіргі қазақ тілі үшін бір буынды сөздердің мағынасы **уәжсіз мағына** саналады.

М: ат, ет, от, ұш, ық, өт, ұт т.б

- Синтагматикалық мағына – сөздердің тіркесу нәтижесінде жасалатын жаңа мағынасы. Екіге бөлінеді: еркін және байлаулы мағына
- Сөздің еркін мағынасы – атауыштық мағынасының негізінде, сөздің ішкі тіркесімділік қасиетіне сай жасалатын мағына. М: жақсы жұмыс, жақсы адам, жақсы кітап.
- Фразеологиялық байлаулы мағына – сөздердің тек белгілі бір сөздерменғана шектеле байланысып, ерекше мағыналық құрылымға ие болған түрі. Су жүрек, шалқар көл, төбе шашы тік тұру, боз өкпе